

ЖШС «NURSULTAN 7777»
бөбекжай-балабақшасының 2025-2026 оқу жылына арналған
жиналысының №4 хаттамасы

Өткізілген күні: 03.02.2026 жыл
Қатысқан: 24 педагог

Күн тәртібінде:

1. Танымдық, қимылды, сюжеттік ойындарды жоспарлау, ұйымдастыру, талдау.
2. Ойын ортасын құрудың тиімді жолдарын қарастыру

Балабақша меңгерушісі Уркимбаева А.Ж. күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Тәрбиешілердің жұмыстарына баға берілді, дамытушы орталықтар бойынша талқылау жұмыстары жүргізілді.

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскер А.Е.Әбдрахманова «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» республикалық пилоттық жоба бойынша түсіндірме мәлімет, жоба аясында танымдық, қимылды, сюжеттік ойындарды ұйымдастыру бойынша ұсыныстарды берді. Мектепке дейінгі жастағы балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қауіпсіз, қолайлы және дамытушы орта ұйымдастыру керегі туралы айтты: орта келесі элементтерді қамтуы мүмкін: әртүрлі кәсіптер, еңбек түрлері бойынша мобильді интерактивті орталықтар. Оларда көптеген дамытушы материалдары болуы керек: ойыншықтар, балаларға арналған жабдықтар, сюжеттік-рөлдік ойындарға арналған атрибуттар, әр түрлі мамандықтағы адамдардың кәсіби киімдері. Сонымен қатар, Баланы ерте даму институтының әдістемелік нұсқаулық бойынша жоспар құрастырылды.

Екінші мәселе бойынша дамытушы ортасын құрудың тиімді жолдарын қарастыру бойынша әдіскер А.Е.Әбдрахманова слайд-презентация арқылы өз ұсыныстарын берді. Заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары болу керек, материалдық-техникалық жарақтандыруға және жағдай жасауға, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, заттық-кеңістіктік ортаның тиімділігін, қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етуге бағытталған шешімдер қабылдану керек деп айтылды.

Шешімдер:

1. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» республикалық пилоттық жоба бойынша дамытушы орталықтар ұйымдастырылсын. Жоба аясында танымдық, қимылды, сюжеттік ойындарды ұйымдастырылып өткізілсін.
2. Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоспарлансын.

Мерзімі: наурыз-сәуір Жауапты: әдіскер, балабақша тәрбиешілері.

Төрайымы: А.Е.Әбдрахманова